

ЖАМБЫЛ ХАЛЫҚ ЖЫРШЫСЫ

Жамбылдың ақындық дүниесі үлкен бір қазына. Данышпан ақынның туғызған құдіретті жырлары тыңдаушысы мен оқушысын әрдайым тамсандырған; әдебиет пен мәдениет әлемінде тың үн болып естілген, айта қаларлықтай жаңа оқиға болған-ды. Осы күні Жамбыл есімі әдебиетіміздің үлкен бір белесі, биігі болып тарихқа енді. Жамбыл еліміздің, кемелденген Қазақстанның баламасы ретінде шет жерлерде де танымал. Жыл өткен сайын сол мол қазынаны бір ақтарып, қайта бір оқып, қанағат тапқың келеді. Сондықтан да Жамбыл дүниесі әрдайым қайта басылып, қалың оқушы қауымға қайта ұсыныла бермек.

Халық поэзиясының алыбы атанған Жамбылдың мүшелді мерекелері, соның ішінде туғанына 100 және 125 жыл толуы, ақындық өнеріне 75 жыл толуы Советтік Қазақстанда және бүкіл Советтер елінде әдебиет пен мәдениет мейрамы ретінде барынша кеңінен атап өтілген. Біз М. Горькийдің кезінде Сүлейман Стальскийді «ХХ ғасыр Гомері» деп айтқанын есте ұстап, Жамбыл да Гомер сынды ұлы ақын деген ұғыммен оның тамаша жырларын тағы-тағы қайталап тебірене оқимыз.

Қазақ әдебиетінің осы уақытқа дейін ескірмей, өзіне тән ерекшелігімен сақталып келе жатқан бір саласы — аса бай ауыз әдебиеті, әсіресе суырып салма ақындық өнер. Бұл бір сарқылмас бұлақ. Жамбыл сол бұлақтың қайнар көзі іспеттес. Қазақ халқының рухани байлығын айта келіп, Л. И. Брежнев «Тың» атты кітабында халық қазынасын жоғары бағалаған-ды. «Халық сүйген ауыз-екі творчествоны да ұмытуға болмайды — деп жазды ол осы еңбегінде, — Жамбылдың «Ленинградтық өрендерім» — дейтін канатты жолдары бүкіл елге әйгілі. Халық ақындарының творчествосы қазақтың ұлттық әдебиеті мен көп ұлтты совет әдебиетінің ортақ арнасында өмір сүріп, дами берсін».

Жазба әдебиеттің жоғары дәрежеде дамуымен бірге, ғасырлар бойы жасап келе жатқан аса мәнді халық поэзиясы, суырып салма

ақындық өнері жоғарыда айтылғандай қоса өркендеп келеді. Әрине, маманданған жазба әдебиеті мен ауыз әдебиетінің арасында түр жағынан елеулі айырма болатыны өзінен-өзі түсінікті. Олар өзінің формасы, түрі, стилі, дәстүрі жағынан өзгеше. Халық поэзиясы көне дәуірден келе жатқан дүние, ол ауызша шығарылып айтылады, осыдан барып оның тереңге тамыр жайған тарихи дәстүрлері де ерекше сипатқа ие.

Халық поэзиясының аса талантты өкілдері Совет дәуірінде көркем сөздің нағыз майталман шеберлері болып танылды, олардың өлең-жырлары әсерлілігі жағынан жазба поэзиядан бірде-бір кем түспеді. Ақындар творчествосына советтік өмір шындығы өзінің игілікті әсерін тигізгені анық.

Халықтың канатты поэзиясының жарқын өкілі — Жамбыл Жабаев. Оның өлеңдері тек Совет Одағында ғана емес, сонымен бірге шет елдерде де кеңінен мәлім. Жаңа өмір шындығымен қуаттанған Жамбыл халқына барынша отаншыл өлең-жырларын, терең идеялы шығармаларын тарту етті. Ол совет халқының қаһармандық өмірін, оның жаңа тұрмыс орнату жолындағы тамаша табыстарын, халықтарымыз бен ұлттарымыздың туысқандық бірлігін, оның ұлылығы мен пәрменділігін өзінің жалынды жырларына арқау етті.

Совет халқы ұлы Жамбылдың бай әдеби мұрасын барынша қастерлеп, көздің қарашығындай сақтауда.

1971 жылы ақынның туғанына 125 жыл толған мүшелі үлкен той болып өтті, оның аты мен мәдениет тарихымызда алатын орны айрықша екені тағы да жария етілді. Мұның түбірлі себебі белгілі: Жамбыл көп жасаған, көпті көрген, туған халқының кешегісі мен бүгінгісінің куәсы болған данышпан қария еді де, сол көрген-білгенін маржандай жыр сөзімен баяндаған күдіретті талант иесі, үлкен шәйір, ақын еді. Бастан кешкен өмірі мен творчестволық жолы айрықша жаратылған жан. Қарап тұрсаңыз Жамбыл Абайдан бір-ақ жас кіші ғой. Сөйте тұра арманы жағынан да, тілегі жағынан да үндес, құрдас. Ғ. Мүсіреповтың мына сөзі хақ: «Сол кезге көз салсаң, Абай мен Жәкең бір мақсатқа, бір тілекке ақындықтың екі түрлі саласын өрлей аттанған сияқтанады: бірі — жаңа әдебиет өнегесін жазу арқылы, бірі халықтың байырғы өнегесі — суырып салма ақынның жолы. Бірақ екі ұлы ақын атамыз тоғысар жерін совет дәуіріне байлаған екен».

«Жаңа заманды жырлай келіп, ұлы ақын Жамбыл өзін жүз жылдық терекке теңеген еді,— деп жазады Д. А. Қонаев жолдас.— Менің тамырларым,— деді ол,— туған халқым, менің бұтақтарым — жырларым, менің жапырақтарым — ұлдарым мен қыздарым. Мен — бар болғаны жүз жылдық терекпін, картайғанда тапқан жарық күшімді, халқымның бақытын, ұлдарым мен қыздарымның бақытын

жырлаймын. Қазақ жерінің ұлдары мен қыздары нағыз керемет істер істейді. Оның жас социалистік мәдениеті шырқау биікке самғады».

Жамбыл туған мекен бұрынғы Әулиеатаның маңайы. Шу өңірі екен. Тегі — кедей-шаруа, жасында діни мектеп есігін ашқанымен, шала молданың шатпағына шыдамаған Жамбыл оқуды тастап кетеді.

Талантты жас Жамбыл, оқу оқып, білім ала алмаса да, қаршадайынан өлең-жырға, шешендік сөзге әуестеніп, өзінің суырып салма ақындық өнерге икемділігін таныта бастайды.

Жас Жамбылдың алғашқы өлеңдері негізінен адамдар жөнінде, олардың іс-әрекеттері мен түрліше ауыл оқиғалары жайында болады. Байлар мен кедейлердің арасындағы қайшылықтар да оның сана-сезімінен сырт қалмайды. Жамбылдың алғаш ақындық атын шығарған өлеңі — «Шағым». Бұл кезде ол небәрі он бес жаста екен. Өлеңінде діни оқудың жас буынға зияндылығын айтады. Таяқтың астына алып, дүрелеп оқытатын молдалардың жаттанды діни оқуын өткір сынға алады. Өлеңнің әр жолы келекеге толы:

Оқымаймын молдадан
Не оқытпақшы ол маған?
Бала келсе сабаққа.
Жем дәметкен дорбадан,
Ақ сәлдесін төңкеріп,
Көзін жұмып теңселіп,
Күн ұзынға боздаған.

Ақынның келесі өлеңі — «Кедей күйі». Бұл өлеңінде феодалдық-патриархалдық өмір болмысын, кедейлерді қанау арқасында ғана өмір сүріп отырған байларды батыл сынайды. Ел ішіндегі кесепаттың барлығы байлардың қорқаулығы мен өкімет билігін түгелдей өз қолдарына алған би-болыстардың озбырлығынан деп біледі.

Жас Жамбылдың алғашқы өлеңдері бүкіл Жетісу өңіріне даңқы жайылған Сүйінбай ақынға ұнайды. Кейін қарт Сүйінбай жас Жамбылдың ақын ретінде қалыптасуына көп ықпал еткен. Ақын ол жөнінде:

Менің пірім — Сүйінбай
Сөз сөйлемен сиынбай,—

дейді.

Жас ақынның талантын байқап қалған Сүйінбай Аронұлы оған мынадай кеңес береді: «Балам, өлеңің жүректің терең түкпірінен жарып шығатын болсын. Жырларың жекелеген адамдарға ғана емес, бүкіл халыққа жаратын болсын. Сенің өлеңдерің адамдарға ақиқат пен әділдікті айтатын болсын. Жырларың ел ішіне кең жайылып, ауыздан-ауызға таралып жүрсін. Сенің өлеңдерің өзіңнің айналанда болып жатқан оқиғалар жөнінде болсын. Басқалардың әбден жауыр қылып, таптап кеткен жеңіл жолын іздеуші болма».

Жамбыл содан бастап өлең шығару кейбіреулердің ойлайтынындай еріккеннің ермегі немесе тойынғанның толғауы емес екенін жақсы түсінеді, өлең шығару деген ең алдымен халық өмірін, оның тұрмыс халін көрсету, олардың көңіл күйін білдіру өнері екенін анық аңғарады. Алғашқы өлендерінде-ақ бай-манап, би-болыстарды әжуалай бастайды.

Жамбыл қазақ әдебиетінің мол қазынасынан көп нәрсені үйреніп тоқиды, өзінің төкпе ақынға лайық шеберлігін жетілдіре береді. Жамбыл айтыс кезінде көптеген ақындарды жеңіп отырған. Олардың ішінде айтыста ысылған Сарбас, Досмағанбет, Құлманбет сияқты атақты ақындар да бар еді. Бұл кезде суырып салма ақындық өнерін дамыта отырып, үлкен топшылаулар жасай алатын дәрежеге көтерілді, өмір шындығының көкейкесті мәселелеріне батыл бара білді, бұл жәй оны өз заманының озық адамдарының қатарына қосты.

Жамбыл творчествосының революцияға дейінгі кезеңінде айтыс үлкен орын алады. Ақындық шеберлігі мен әлеуметтік тақырыптың ұштасуы оның айтыстарын терең мазмұнды етеді. Мұның өзі айтыс кезінде оның өз қарсыластарын жеңіп шығуының алғы шарты есепті болатын. Жамбылдың ақын ретіндегі кемелдігі мен тапқырлығы, әсіресе, атышулы Құлманбетпен айтысы үстінде көзге түсті:

Жақсылық жамандықты тексереді,
Кім жүйрік, кім шабаны екшеледі.
Елімнің ерлігімен мақтанамын,
Сырт дұшпан бізді көрген сескенеді.
Жалғыз-ақ сен болмасаң таз Құлманбет,
Қай ақынға бұл Жамбыл дес береді.

Батыр Саурық, Сұраншы жаудан өлген,
Халық үшін шәйіт болып, жанын берген.
Елді қорғап өлгеннің арманы не?
Қалың қазақ құрметтеп соңына ерген.
Мақтанған байларыңның оңғаны жоқ,
Төңіректің төрт бұрышын жалмап өлген.

Жамбыл қарапайым халық атынан сөйлейді, оның ой-пікірлері мен арман-тілектерін білдіреді. Ақын жырының бұл ерекшеліктері оның Досмағанбетпен айтысы кезінде айрықша көрінеді. Тек хандар мен байларды ғана мақтап, оларды басына көтерген, қарапайым халықтың қайғысын көре білмеген Досмағанбетті Жамбыл екі жүзді деп айыптайды.

Жамбылдың ақындық серпіні әсіресе, айтыстағы өрен жүйріктігі үлкен әңгіме. Оның ұстанған дәстүрі, шайырлық ерекшелігі, тапқырлығы біраз зерттеліп айтылған. Ұлы ақынның туғанына 100 жыл толуына арналып жасалған «Жамбылдың айтыстағы өнері» деген

баяндамасында М. Әуезов ақынның айтыстағы шеберлігін, тапқырлығын терең талдап көрсетті. Айтыста ылғи жеңіске ие болып отырушының негізгі себептерін келтіріп, М. Әуезов былай дейді:

«Бар айтысында Жамбыл ел қорғаны болған азаматты арман етеді. Ел бағына туған ұлы азамат шықса, ел көзіндегі жасты тыйса екен, қиял мекеніне жеткізсе екен, жаңа күн туса екен дегеннің арманы. Ол арманның екінші жағы өз заманындағы байға, ұлыққа, қажы-молдаға, төре-тілмашқа, болыс-биге ызалы, кекесін болу. Құлманбеттің байларын, Сарбастың жуандарын, Досмағанбеттің дін үгітін, Шашубайдың Байбұландай сәудегерін, Бақия, Барлыбектей шенді төрешіктерін Жамбылдың кісі құрым көрмейтіні сол».

Айтыста осындай түйінді ұстап, түбінде сонымен жеңу Жамбылдың айтыстағы негізгі тәсілі, кілті болады. Мұндай дәстүрді бойына дарытқан Жамбыл, әрине, сөздің де асыл маржанын тереді, өткір, жетімді сөздерді іздейді.

Халық арасынан шыққан ақын-таланттарды тұншықтыруға тырысқан байлар мен патшаның әкімшілік өкімет орындарына Жамбыл батыл қарсы шығады, олардың арам пиғылдарын әшкерелеуге шақырады. Мұның айқын мысалы ретінде 1913 жыл Романовтар әулетінің 300 жылдығына байланысты өлең айтуды талап еткен Верный уездік әкімшілігінің бұйрығын орындаудан оның бас тартуын келтіруге болады.

Патшалықты дәріптеуге арналып, Верный (қазіргі Алматы) қаласында көрме ұйымдастырылады. Қазақ байлары той құрметіне көптеген ақ үйлер тіктіріп, оның ішін әбден жиһаздайды. Байлардың және соларға ұқсас басқа да үстем тап өкілдерінің жағымпаздықтарын әшкерелеп, Жамбыл сол жерде «Өстепкеде» («Выставка» — «Көрмеде») атты өлең шығарады. Ол өзінің бұл өлеңінде былай дейді:

Үйсін, найман санлағы
Өстепкеге жиылдың,
Жолдың ұшып шандағы,
Алматыға құйылдың,
Желді күнгі қамыстай.
Жапырылып иілдің,
Келтірдіңдер намысты,
Бек қорланып күйіндім,
Бүйтіп қызық көргенше,
Өзі жақсы үйімнің.
Шұлғымаймын сендерше,
Керегі жоқ сыйыңның,
Қор болмаймын өлгенше.
Өлеңіме-ақ сыйындым.

Қазақ кедейлері мен шаруаларының аянышты ауыр тұрмысы, олардың үстем тап өкілдері тарапынан езіліп, қапалып, азап шегуі

Жамбылдың жанына қатты батады. Ол өзінің алдында еңбекші халыққа қызмет етуді, оның арман-тілектерін жырлауды асыл мұрат, қасиетті парыз етіп қояды.

Жамбылдың «Кұдайберген болысқа берген жауабы», «Шағым», «Әкеме», «Пұшықтың ұрыға айтқаны», «Жылқышы», «Сыртың бір сұлу жан екен», «Қуғын», «Кедей күйі», «Сәт сайланарда», «Мәмбетке» және басқа өлеңдерінде үстем тап өкілдерін аяусыз сынай-мінегенін, оның әр уақытта еңбекші бұқараның ауыр өмірін жырлағанын көреміз.

1916 жылғы көтеріліс кезінде Жамбыл халықпен бір сапта болып, майданның қара жұмысына адам алу жөніндегі патша әміріне қарсы үгіт-насихат жүргізеді. Патша әкімдері халықтың наразылығын байқағаннан кейін, қулыққа көшіп, айла-шарғы жасап, еңбекші халықты үгіттемек, алдамақ болады. Бұған қазақ ақындарын, олардың өлеңін, жырын пайдалануды көздейді. Патша әкімдері осы мақсатпен бір топ ақынды (оның ішінде Жамбыл да бар) Верный қаласындағы сарайлардың біріне алып келіп, қазақтардан қара жұмысқа адам алу жөніндегі патша әмірін мадақтап өлең айтуды талап етеді. Бірақ Жамбыл бұл жерде олардың өздерін әшкерелеп, масқаралайтын жыр шығарады. Сонымен жергілікті әкімшіліктің Жамбыл бастаған ақындар тобына деген бұйрығы іске аспай қалады. Патшаның жалдамалы күзетшілері әлгі ақындарды апта бойы камаса да, оларды көндіре алмайды, ақырында босатып жіберуге мәжбүр болады.

Патша өкіметі халықтың ұлт-азаттық көтерілісін аяусыз жаппай басып, оған қатысқан адамдарды, әсіресе басшыларын ұстап жазалағаны тарихтан белгілі. Осы қаралы, ауыр күндердің куәсі болған Жамбыл «Зілді бұйрық», «Патша әмірі тарылды» деген өлеңдер шығарады.

1916 жылғы халық-азаттық қозғалысы кезінде Жамбыл қуғынға ұшырайды. Жамбылдың революцияға дейінгі творчествосына тереңірек үңілетін болсақ, біз халық өміріндегі әрбір маңызды оқиғаға оның үн қатып, өзінің көптеген шығармаларында сол тұстағы терең әлеуметтік мәселелерді қозғап отырғанын көреміз. Бұл ақын туындыларының таптық мәнін айқын аңғартады.

Бір жағынан патша әкімдерінің, екінші жағынан жергілікті байманаптардың қыспағына түскен халық үнемі қуғын көріп, зорлық-зомбылыққа ұшырайды. Осы кезде, яғни жасы жетпіске келген шағында, Жамбылдың ақындық шабыты сарқылғандай болады.

Ұлы Октябрь социалистік революциясының жеңісі Жамбылды рухтандырып, оған қайта қанат бітірді. Бұл жөнінде «Менің бақытым» атты әңгімесінде былай дейді: «Мен шыңыраудан шығып, тамаша гүлдерді, жұпар иісті шөптерді, қыруар малдарды, сымбатты

үйлерді көрдім. Мен нағыз күнді көрдім, таудың асыл тасындай таза ауада дем алдым. Менің жаным да алма ағаштай гүлдеді, көзім жұлдыздай жайнап, кеудемді шаттық кернеді, өлеңдерім көктемдегі Іле өзеніндей тасыды, мен жасардым. Он сегіз жасар жігіттей шағыма келдім». Ұлы Октябрь революциясының жеңісі арқасында қол жеткен теңдік пен азаттық тек Жамбылдың ғана қуанышы емес, сонымен бірге бұрын езіліп, қаналып, жаншылып келген барлық еңбекші халықтың жалпы қуанышы болғаны айқын.

Жиырмасыншы жылдардың басында Жамбыл бастаған халық ақындары қазақ ауылдарын социалистік жолмен қайта құру ісіне белсене араласты. Олар советтік жаңа өмірді асқан шабытпен, зор қуанышпен жырға қосты.

Жер ортасынан асып, егде тартып қалған, әрі тұрмыстың тауқыметін көп тартқан Жамбылға Октябрь шексіз қуаныш, мұқалмас қайрат және асқан шабыт берді. Ол қайта жасарғандай болды. Өлең шығаруды көптен бері қойып кеткен Жамбыл домбырасын қолға қайта алды. Ол Ұлы Октябрь социалистік революциясынан кейін халықтардың тең прағолы, жаңа, жарқын өмірін асқан ынтамен жырлады. Революция мен еңбекші халықтың кемеңгер көсемі В. И. Ленин туралы өлеңдер шығарды. Ол өзінің көлемі жағынан үлкенді-кішілі өлеңдерінің көпшілігінде өз замандастарының жасампаз бейбіт еңбегін жырға қосты. Отаншылдық сезімге толы туындыларымен еңбекші халыққа жаңа құрылыстың мән-маңызын паш етті, оқушыны рухани жағынан байытып, олардың Советтік Социалистік Отанға деген сенімі мен сүйіспеншілігін арттыруға ат салысты.

Ақынның туған жері — Қазақстанның өз алдына отау тігіп, жске, ерікті республикаға айналған күнінен бастап, Жамбыл ел өміріндегі әрбір тарихи оқиғаға үн қосып отырды. Мәселен, бай-кулактармен күрес, ауыл шаруашылығын коллективтендіру, алғашқы бесжылдықтар, Советтік Конституцияның қабылданылуы, Ұлы Отан соғысы — осының барлығы ақын шығармаларынан көрініс тапты, бір сөзбен айтқанда, ол совет халқының еңбектегі және майдандағы ерлігін асқан шабытпен жырлады.

Совет дәуірі кезіндегі Жамбыл шығармаларының тақырыбы алуан, мазмұны терең, жоғары идеялы болып келеді.

Халық бақытын арман еткен Жамбыл енді осы арман-тілегінің жүзеге асқанын көргенде, ерекше күйге енеді, коммунистік партияны, оның данышпан көсемі В. И. Ленинді жырлайды, Ленин идеяларының жеңімпаздық күшін айтады, ақынның бұл жырлары тек қазақтың ұлттық поэзиясының ғана емес, сонымен бірге бүкіл совет әдебиетінің аса ірі табысына айналды. Ақын өзінің азаматтық әуен мен отаншылдық сезімге толы толғауларын біздің көне жерімізде

болып жатқан ұлы өзгерістерге және осы ғажайыптарды орнатып жатқан еңбекші халыққа арнады.

Жамбыл өзінің «Қазақстан тойына» (1924 жылы) және «Замана ағымы» (1927 жылғы) атты эпикалық шығармаларында еңбекші қазақ халқының бақытты өмірін жырлады, В. И. Лениннің басшылығымен болған революция жеңісін, жаңа өмірдің алып адымдарын мақтан етті. 1929 жылы Жамбыл колхозға (артельге) кіреді, өз өмірінің ақырына дейін Алматы облысындағы өз атымен аталатын колхозда өмір сүреді.

1936 жыл еліміздің өміріндегі елеулі, үлкен оқиғалар жылы болуымен бірге Жамбыл творчествосы үшін де ерекше жыл болды: ол республикалық ақындар слетіне қатысты. Жамбылдың слет кезінде айтқан жаңа жырлары республиканың творчестволық өмірінде жаңа серпін туғызды және бұл өлеңдер қазақ әдебиетінің алтын қазынасына үлкен үлес болып қосылды.

Сол, 1936 жылы Жамбыл қазақ әдебиеті мен өнерінің Москвада өткен он күндігіне қатысады, онда еліміздің аса көрнекті партия және мемлекет қайраткерлерімен кездеседі, В. И. Ленин мавзолейінде болады, Москваны өз көзімен көреді, астананың ұлылығы мен сән-салтанаты ақынды аса қатты тебіrentіп, оны жаңа жырлар шығаруға шабыттандырады. Ақынның «Халықтың сәлемі», «Дастарқан жыры» сияқты және басқа да жаңа өлеңдері осы кезде туған.

Еліміздің әдеби жұртшылығы Жамбылдың ақындық өнеріне, оның өзіндік өрнегі бар тың туындыларына аса жоғары баға берді. Оның отаншылдық сезім мен азаматтық әуенге суарылған отты жырларына барлық одақтас және автономиялық республикаларының халықтары мен ұлттары құлақ түрді.

Үкіметіміз бен партиямыз ақын творчествосын аса жоғары бағалап, оны Еңбек Қызыл Ту орденімен наградтады. М. И. Калининнің қолынан награда алуы, қарт ақынның жүрегін қатты тебіrentті, шабытын шалқытты. Қуаныш шұғыласына бөленген Жамбыл «Калинин ақсақалға», «Орден алғанда» деген өлеңдерін шығарды. Жаңадан рухани қуат алған Жамбыл советтік өмір шындығын бұрынғыдан да зор ынта-жігермен жырлай берді.

Жамбыл өзінің большевик-басшы, сарбаздар туралы шығармаларында коммунистік партия мен оның көсемі В. И. Ленинді жырлай отырып, тағы да жаңа туындылар беріп, большевиктер образының галереясын жасайды. Ақын олардың қажымас қайраты мен мұқалмас күш-жігерін атап көрсетеді. Жамбылдың көптеген өлең-жырларында В. И. Лениннің басшылығы арқасында Совет елі еңбекшілерінің бақытты өмірге қолы жеткені баса айтылады. Ақынның 30-жылдардың аяқ кезінде шығарылған өлеңдерінің ішіндегі ең шоқтығы

биік тұрғаны «Ленин мавзолейінде» атты өлеңі. Қарт ақынның Ленин мавзолейінде болып, көсем келбетін өз көзімен көруі оған үлкен әсер етеді, жүрек қылын шертеді, көңілінде өшпес із қалдырады, оны қатты толғандырады, шабыт құшағына бөлейді. Сондықтан да ол осы өлеңін көсем мавзолейіне кіріп тағзым етіп шығысымен айтқан екен. Ақын былай дейді:

Күнсіздерге күн болған,
Жер жүзіне нұр болған,
Ақылдың кені данышпан.
Езілгенге қол берген,
Кемтарларға жол берген.
Заманның ері арыстан.
Адасқан халық зарыққан,
Азаттық алып бақытқа,
Сәуленде келіп табысқан,
Дариядан артық ақылын,
Төбең биік ғарыштан
Қартайғанда бір көріп,
Зират етіп қайтуға,
Жамбыл келді алыстан.

Совет Одағы халықтарының ұлы достығы коммунизм құрылысын жеңістерден жеңістерге жетектеп келе жатқан басты қозғаушы күштердің бірі екені белгілі. Коммунистік партия мен Совет үкіметінің даналық ұлт саясаты арқасында Совет Одағының халықтары біртұтас ұлы семьяның тең праволы мүшелеріне айналды. Совет Одағының ұлы күші — оның халықтарының мызғымас достығында екенін қарт ақын жақсы түсінеді. Сондықтан да ол былай деп толғады:

Енді бүгін қарасам,
Айналам бақыт кең жатыр,
Бірі мен бірі туысқан,
Қол ұстасқан ел жатыр.
Қырғыз, қазақ, өзбектер,
Моңғол, ұйғыр, дүнгендер,
Армян, қалмақ, грузин,
Орыс пенен украин
Терезесі тең жатыр.
Алатау, Кавказ ұласып,
Баурайы бұйрат кең жатыр,
Бақыттың әні асқақтап
Құлаққа даусы кеп жатыр.

Горькийдің өліміне, Пушкинге, Сүлейман Стальскийге, Шота Руставелиге, Лахутиға арнап шығарған өлеңдері өзге халықтар мен ұлттарға деген туысқандық, достық сезімдердің айғағы.

Жамбылдың украин халқының ұлы перзенті, ақын Тарас Шевченкоға арналған өлеңі «Тарас» деп атады. Бұл өлеңінде украин халқының сүйікті ақынын ерекше бір туысқандық сезім, ыстық махаббатпен жырға қосады. Оның өз халқы үшін азаттық және бақытты

өмірді аңсағанын, тек сол үшін ғана патша өкіметі қуғынға ұшыратып, туған жерінен алысқа жер аударып, қатал жазалағанын ашына жырлайды. Сонау бай-патшалар үстемдік еткен керзаманда қазақ даласының перзенті болған Жамбылдың өзінің де осындай халде болғанын және бұл оның өз басына ғана түскен ауыртпалық емес, бүкіл халықтың басына түскен қайғы-қасірет екенін айта келіп, өзінің де, Тарастың да әділдік іздеп, сол үшін күрескенін баяндайды.

Жамбыл халықтар достығына арналған өлеңдерінде қазақ халқымен бірге мәдениет жағынан артта қалған басқа да көптеген правосыз ұлттар мен халықтардың Октябрь революциясынан кейін, Коммунистік партияның интернационалдық саясаты арқасында Советтік Социалистік Республикалар Одағының көп ұлтты туысқандық семьясында бақытты өмір сүріп жатқанын асқан қуанышпен жырлайды. Ақын, әсіресе, ұлы орыс халқының қазақ халқына көрсеткен тарихи көмегін үстемелей айтады.

Социалистік Отанның өсіп-өркендеп, түрі ұлттық, мазмұны социалистік мәдениеті гүлдене бастаған кезде Жамбыл туғызған жырлардың мән-мағнасы айрықша болды.

Халықтары біртұтас, туысқан бір семьяға топтасқан ынтымақшыл елде ғана ақын шығармалары бірауыздан қолдау тауып, СССР халықтарының көптеген тілдеріне аударылды.

Қазіргі кезеңде, әсіресе, совет елі халықтарының мемлекеттік одақ құрғанына 60 жыл толып, отан байлығын молайту жолында ерлік еңбек етіп жатқан жағдайында Жамбылдың халықтар ынтымағына арналған жырларының ерекше маңызы бар. Қазақстанның сан-алуан шаруашылық салаларында жүзден астам ұлт өкілдерінің бірге өмір сүріп, бірге еңбек етіп жатқаны қазір баршаға аян.

Осындай ұлы мереке тұсында, әрі Қазақстанның Россияға өз еркімен қосылғанына 250 жыл толып отырған шақта Отан жайындағы, халықтар достығы жайындағы Жамбылдың сан алуан өлең, жырлары тап бүгінгідей оқылып, бүгінгідей естіледі.

Отанға, халыққа деген сүйіспеншілік, бір сөзбен айтқанда, ынтымақ, бірлік — Жамбыл шығармаларының негізгі арқауы. Ақынның көптеген өлеңдері партиямыз бен үкіметіміздің бейбітшілік сүйгіш саясатына арналған. Ол өзінің бұл туындыларында Отанымыздың қасиетті шекарасын бұзбақ болған қандай да болсын дұшпанға өлтіре соққы берілетінін асқан сеніммен жырлайды.

Жамбыл әрбір совет азаматының Отан қорғау жөніндегі қасиетті борышын әрқашан еске салып, ол халықтар достығы тақырыбына қайта-қайта оралып, коммунистік партия басқарған совет халқының қуаттылығы мен жеңімпаздығының қайнар көзі олардың мызғымас достығында, елімізде коммунизм құру жолындағы түсінік пен мақсаттың бірлігінде екендігін айтады.

Жамбыл Отан қорғау тақырыбын жырлағанда, есімдері елімізге кеңінен мәлім халық батырларының бейнелерін көз алдымызға қайта елестетіп, жастарға оларды үлгі ретінде ұсынады. Азамат соғысының ардагерлері Фрунзе, Ворошилов, Буденный, Чапаев Жамбыл шығармаларының негізгі өзегінің бірі болды. Ақынның «Ворошилов туралы» поэмасы, «Қлим батыр» атты өлеңі халық арасына кеңінен тарады. Ақын «Чапаев» атты өлеңінде азамат соғысының батыры Василий Иванович Чапаевтың ерлік бейнесін көрсетеді. Чапаев халық ісі үшін, оның азаматтығы үшін күресте қаза тапты, бірақ оның есімі мен ерлігі ешқашан ұмытылмақ емес, ол ғасырлар бойы жасай бермек деп түйіндейді ақын.

Отаншыл ақын «Аманкелді» атты өлеңін азамат соғысының батыры, халқымыздың ардагер ұлы Аманкелді Имановқа арнады. Ал «Болат тонды батырлар», «Біздің дәуірдің батырлары» және басқа да көптеген туындыларында совет жауынгерлерінің жапон самурайлары мен ақ финдерге қарсы соғыста көрсеткен қаһармандығы мен батырлығын әртүрлі бояуға толы өрнекті сөздермен мүсіндейді.

Ол өзінің бірсыпыра өлең-жырлары мен дастандарында келмеске кеткен көне өмір мен жаңа тұрмысты салыстыра суреттей отырып, советтік өмір шындығының артықшылығын көрсетеді, азаттық пен әділеттік жолындағы халық қозғалысына бас болған, түнектен шығып, бақытқа жетудің тура жолын нұсқаған В. И. Ленинді жырлайды.

Одағым десем ойыма
Шалқыған шалқар көл түсер.
Көк жиегі бал-кұрақ
Көк орай шалғын жер түсер,
Көркі көгал нуындай,
Кіршіксіз көлдің суындай,
Одақ боп өскен ел түсер,

Жамбыл өзінің «Одақ» атты өлеңінде Отанымыздың алып бейнесін, табиғат байлығын, оған қожа болған совет адамдарының ерлік еңбегін, бақытты өмірін ерекше шабытпен жырлайды.

1937 жылы грузин халқының ұлы ақыны Шота Руставелидің атақты «Жолбарыс тонды жиһангез» атты дастанының жазылғанына 750 жыл толуын бүкіл совет халқы болып үлкен мереке ретінде кеңінен атап өтті. Грузия астанасы Тбилиси қаласында өткен бұл тойға Жамбыл бастаған қазақ ақындарының делегациясы қатысты. Делегация құрамында Жамбылдан басқа қазақ ақын-жазушыларынан Т. Жароков, М. Қаратаев, Кенен Әзірбаев бар еді. Жамбыл өлеңдерін сол кезде көп аударған П. Кузнецов та болды. Осы сапарында Кавказ тауларының ғажайып көркем табиғатын көрді, туысқан грузин халқының өмірімен, ежелгі дәстүрлерімен танысты. Сол сапарда туған «Кавказ», «Ақынға», «Сәлем саған, Кавказ», «Өмір ту-

ралы» атты өлеңдері кейін бүкіл одақ оқырмандарына кеңінен мәлім болды.

Халық поэзиясының алыбы Жамбыл өзінің барлық лирикалық өлеңдері мен эпикалық дастандарында патриотизм идеясын, Отанға деген сүйіспеншілік және бірлік, достық, туысқандық идеяларын насихаттады. Жастарды отаншылдық рухта тәрбиелеуге, партияның, В. И. Лениннің ісі үшін күреске әзір болуға шақырды.

1938 жылы Қазақстан жұртшылығы халық ақыны Жамбыл Жабаевтың ақындық қызметінің 75 жылдығын кеңінен атап өтті. Алматыда және Жамбылдың туған ауылында үлкен той болды. Оған Совет Одағының барлық одақтас және автономиялық республикаларынан көптеген ақын-жазушылар, ғалымдар келді. Совет елінің түкпір-түкпірінен ақынның атына келіп түсіп жатқан құттықтау телеграммалар мен хаттарда шек болмады. Көптеген шет елдердің прогресшіл мәдениет қайраткерлері бұл салтанатты күні ақынды шын жүректен құттықтады. Тіпті сонау алыстағы Америка мен Австралиядан да, Франция мен Чехословакиядан да құттықтау телеграммалар келіп жатты. Мұның өзі революциядан кейінгі кезеңде барынша қарыштап дамыған жалпы қазақ мәдениетінің мейрамы болды. СССР Жоғарғы Советінің Президиумы Жамбыл Жабаевты Отанымыздың ең жоғары наградасы — Ленин орденімен наградтады.

1938 жылы СССР Конституциясына негізделген Қазақ ССР Жоғарғы Советінің тұңғыш сайлауы өткізілді. Қазақстан еңбекшілері ақын Жамбыл Жабаевты бірауыздан Жоғарғы Советтің депутаттығына сайлады. Қазақ ССР Жоғарғы Советінің 1938 жылы 15 июльде шақырылған алғашқы сессиясын Жамбыл өлеңмен ашты.

Ұлы Отан соғысының қарсаңында Жамбыл тағы бір рет Москваға барып қайтты, ондаған оқу орындарында, мәдени мекемелерінде болды. Бұл сәтте шығарған өлеңдері «Правда» газетінде басылды, одақтас республикалардағы туысқан халықтардың көптеген тілдеріне аударылды, сол сияқты шет елдерде де басылып шығып жатты. 1939 жылы үкіметіміз Жамбылды «Құрмет белгісі» орденімен наградтады. Бұл ақынның сыйлыққа алған үшінші жоғары наградасы еді.

Еліміздің өмірінде болып жатқан елеулі оқиғалардың барлығы Жамбыл шығармаларынан өз көрінісін тапты. Партия, халықтар достығы, Советтік Конституция, Социалистік Отанды қорғау мәселелері, жарқын болашақ үшін күресіп, еңбек ету ақын шығармаларының негізгі тақырыптары болды.

Жамбылдың эпик ақын екенін дәлелдейтін дастандары өз алдына әңгіме. Тарихи тақырыптарға арналған «Өтеген батыр», «Сұраншы батыр» дастандары әдебиет тану ғылымында талай талданып, идеясы мен көркемдігі жағынан шоқтығы биік шығармалар ретінде бағасын алған. Бұл поэмаларда қазақ халқының ертедегі өмірі мен тұр-

мысы, ой, арман, тілектері терең суреттеліп, шынайы көріністерін тапқан. «Өтеген батыр» аңызға айналған батыр ретінде жырланса, «Сұраншы батырда» халықтың адал ұлы, Қоқан хандығына қарсы күрескен жауынгер, сарбаз, өткен ғасырдың 60-жылдарында азаттық майданында қаза тапқан Сұраншы тағдыры хикая болады.

Қазақ совет әдсбиетін өркендету ісіне қосқан зор үлесі үшін және аса мазмұнды, өте көркем шығармалары үшін Жамбыл Жабаевқа 1941 жылы СССР Мемлекеттік сыйлығы берілді.

Ұлы Отан соғысы жылдарында шығарған өлеңдері Жамбылдың шарықтап шыққан биік бір белесі. «Ленинградтық өрендерім», «Москва», «Отан өмірі», «Совет гвардеецтеріне» атты өлеңдері майданның алғы шебіндегі совет жауынгерлерін ерлік күреске рухтандыраған ұран болды, сол кезде олар ауыздан-ауызға таралып жатты.

1941 жылы, Ұлы Отан соғысы басталған кезде Жамбыл 96 жаста болатын. Міне, осы қаһарлы күндерде қартайып, белі бүгілген Жамбыл өзін орындалмай бара жатқан парызы бар жандай сезінеді. Елге жау төнгенде үндемей қала алмайды. Жаудың белін мерт етуге шақырған көптеген жаңа өлеңдер шығарады. Бұл өлеңдері көбінесе Москва мен Ленинградты, Сталинград пен Кавказды қорғаушыларға арналған. 1941 жылы шығарған «Москваға» атты өлеңінде астананың ұлылығы мен оның ел өміріндегі маңызына тоқтай келіп, Отанымыздың барлық ұлдары мен қыздарын Москваны қорғап қалуга шақырады.

Жамбылдың соғыс жылдарындағы шығармаларының мәні үлкені, шоқтығы биігі — «Ленинградтық өрендерім». Бұл өлең 1941 жылы, Ленинград жау қоршауында қалған кезде шығарылған. Қиын-қыстау тұста жүзге таянған қарттың жүрегін жарып шыққан жыр. Қауіп-қатерде, ұлы айқаста, қанды шайқаста шын ақын үнсіз қалар ма? Қаһармандық рух беріп, намыс пен өшпенділік отын тұтатқан бұл өлең ұлан байтақ совет елінің біртұтас қамал күш бола алатынын әйгілейді. Ақын ленинградтықтардың жаумен айқастағы ерлігін, табандылығын паш етеді, оларды батырлық, батылдыққа, төзімділікке рухтандырады.

Ленинградтық өренім!
Мәктанышым сен едің!
Нева өзенін сүйкімді
Бұлағымдай көремін.
Жасағым жоқ өмірді
Жау сойқанын көргелі,
Төккенім жоқ терімді
Шер қылғалы кеудені,
Жасалған жоқ салтанат
Жаудың болуға ермегі,
Жауда қалып Ленинград,
Жаралған жоқ көңгелі! —
Қазақстан жерінен

Тұтанғандай ел кегі,
Жолды кернеп қол кетті
Сендерге дем бергелі,
Нева алабын қорындар,
Ленинградтың ерлері,
Ұрпаққа үлгі болындар
Заманымның өрнегі!

Ұлы Отан соғысының төрт жылында осы тақырыпқа арнап Жәкен үш мың жолдан артық жыр шығарды. Халқымыздың отаншылдық сезімін күшейте түсуде, совет адамдарының еңбектегі ерлігі мен майдандағы батырлықтарын суреттеуде бұл жырлардың маңызы зор болды. Мысалға жоғарыда келтірілген «Ленинградтық өрендерім» атты өлеңін алайық. Бұл жөнінде көрнекті совет ақыны, Ленинградты қорғауға белсене қатысқан А. А. Прокофьев былай дейді: «Жамбылдың «Ленинградтық өрендерім» деген жырын жариялаған кез Ленинград халінің аса бір ауыр шағы еді. Міне, осындай халде Жамбылдың «Ленинградтық өрендерім» деген жыры газеттерде жарияланды. Халықтың рухын көтеруде ерекше күшті көрінген бұл жырды Ленинградтың радиосы күніне әлденеше рет оқып тұрды. Жыр ірі әріптермен теріліп, көшелерде плакат болып ілінді. Сол плакатты үймелесіп оқысып, көздерінен жастары сорғалаған талай адамдарды көрдім. Немістердің самолеттері төбеде ұшып, бомба тастап жүргенде, онан қашып тығылудың орнына, Жамбылдың жыры басылған газетті сатып алуға, көшедегі киоскілерде кезекте тұрған адамдарды талай көрдім».

А. А. Прокофьев сөзін аяқтай келіп, Жамбылдың бұл өлеңінің Ленинград халқын және оның жауынгерлерін жігерлендіруге өте зор қызмет атқарғанын айтады. Мұндай пікірді көрнекті совет жазушысы В. Вишневский және тағы басқалары да айтқан.

Ақынның соғыс жылдары туған «Ата жаумен айкастық», «Өмір мен өлім белдесті», «Аттан, батыр ұрпағым», «Отан әмірі», «Қамал бұзған қаһарман» секілді көптеген өлеңдерінде совет халқының қаһармандығы мен Совет Армиясының жеңімпаз күші жырланады.

Жамбылдың жоғарыда аты аталған шығармалары орталық, республикалық, облыстық, әсіресе әскери газеттерде жиі басылып тұрды. Ал бұл өлеңдердің рухтандырушылық күші мен тәрбиелік мәнін сол кезде ақынның атына келіп түсіп жататын майдандық әскери хаттардан анық байқауға болады. Мәселен, сондай хаттардың бірінде былай деп жазылған: «Сүйікті Жамбыл! Майданға казактың артистері келіп кетті. Сіздің өлеңдеріңізді айтты. Тамаша екен. Олар бізге өте ұнады. Сізге көп рахмет! Коневалюк, Гобатадзе, п. п. 03677—А». Ал екінші бір хатта: «Қымбатты Жамбыл! Балаңыз Алғадайдың майданда көрсеткен ерлігіне сүйсініп шығарған жырыңыз»

ды «Конногвардеец» деген әскери газетке басып едік, маңызы өте зор болды. Осы сияқты өлеңдерді тағы жазуыңызды өтінеміз. Редактор — Рабцун. 20. 1. 1943 жыл» дейді.

Ақын өзінің шын жүректен жарып шыққан, отаншылдық сезімге толы өлеңдерімен жауынгерлерге, халыққа күшті рух берді.

Ұлы Отан соғысының кезіндегі Жамбыл поэзиясының қуатты күшін СССР жазушыларының II съезінде А. Сурковтың ерекше атап өтуі орынды еді.

Жамбыл жырын тамсана оқумен қатар, оны құмарта зерттеушілер де, насихаттаушылар да көп болды. Монография, ғылыми мақала, баяндама, өмірі туралы очерк, диссертациялық еңбек — мұның бәрі көп-көптеп жазылып баспа жүзін көрген, әлі де зерттеу жұмыстары толастаған емес, әдебиет ғылымында жеке Жамбылтану саласы туып бекіді. Ұлы ақынның көзі тірісінде және онан кейін ақын творчествосы жайында жазған ғалымдар, ақын-жазушылар тобының басында М. Әуезов тұр. С. Мұқанов, Ғ. Мүсірепов, С. Бегалин, Қ. Жұмалиев, Е. Ысмайылов, Ә. Тәжібаев, Т. Жароков, Ғ. Орманов, М. Қаратаев, Ә. Нұрпейісов т. б. Жамбыл жайында, оның дәрменді жыры жайында әр қайсысы әр кезеңде тебірене жазған. Орыс ғалымдары ішінен Жамбыл поэзиясын Одаққа насихаттаған К. Зелинскийді, Б. Тимофеевті, Р. Фетисовты, Н. Смирнованы, Жамбылдың аудармашысы, жазушы П. Кузнецовты т. б. айтар едік. Кейінгі зерттеушілерді, ауыз әдебиеті мамандарын қоссақ бұл тізім ұлғая түседі.

Ғасырлар бойы екшеліп, сұрыпталып, жетіле түскен халық өнерінің қайнар бұлағынан нәр алған Жамбыл өзінің совет дәуірі кезіндегі шығармаларында көркемдік биікке көтерілді. Ол ауызекі поэзиядан кәдімгі жазба әдебиетке жақын келді. Өлеңді жаңа түр, жаңа сапамен байытты. Ақындық шеберлігінің ұшталып, жетіле түсуіне жалпы совет мәдениетінің жоғары идеялық, көркемдік мақсаты әсер етті. Идеялық-көркемдік қасиеті жоғары Жамбыл поэзиясы қалың бұқараға түгелдей түсінікті, сондықтан да ол жұртшылықтың жүрегіне тез жол тауып, көпшілік арасына кең тарап, нағыз мәшһүр поэзияға айналды. Жамбылдың көп жазған өлеңдік формасы — жыр. Ақынның жырлары — көлемі жағынан мол, халық мақалдары мен мәтелдеріне бай, тарихи оқиғаларды кең қамтитын белгілі бір тақырыпқа арналған ұзақ өлең түрінде келеді. Жыр қазақтың батырлық эпосына тән өлеңдік форма болса, Жамбыл да өз творчествосында осы дәстүрді, халыққа түсінікті форманы ұстанды, оған жаңа мазмұн, жаңа мағына берді. Жырдың тағы бір қасиеті оның бас-аяғы жинақы, төгілтіп айтуға ыңғайлы болып келуі. Жырдың халық арасына көп таралуы сонан десе де болғандай. Жалпы алғанда жыр ақынның калауы бойынша сан алуан ұйқаста шығарылған. Бұл, әрине, ақынның шеберлігіне байланысты. Ақын кейде ондаған жолдар

бойына шұбыртпалы ұйқас қолданса, кейде кезек ұйқаспен кетеді. Шұбыртпалы ұйқас өлеңге ырғақтық өткірлік, әуезділік береді. Ақын айтайын деген әсерлі ойын сөз тасқынымен, дем алмастан бір-ақ айтып шыққысы келетін сияқты. Жамбыл жырларының осындай ерекшелік қасиеттері оны әрлі, құнды ете түскен. Алайда, ақын өлеңдерін орысшаға аударушылар оның түп нұсқадағы әдемі әуезді ұйқасын өз дәрежесінде, бере алмай жүр.

Жамбыл сонымен бірге, сөздің дыбыстық үндестіктеріне, ырғағына көп көңіл бөлген, өлеңдерінің құлаққа жағымды, дыбыс ырғақтарының аса ұнамды болып келуі сонан.

Жамбыл поэзиясында төрт жолды кара өлең де жиі кездеседі. Бұл төрт жолды өлеңдері қазақтың ауызекі кара өлеңінен басқаша. Бұл формадағы өлеңдері белгілі бір аяқталған ойды білдіретін, көлемі, ұйқасымы жағынан шебер түзілген он бір буынды туындылар.

Негізде ғасырлар бойы айтылып, сұрыпталған, халық творчествосының ең жақсы дәстүрін бойына сіңірген Жамбыл шығармаларының мөр таңбасы айырықша. Бұған себеп, әрине, ақын өлеңдеріне өзек болып, оның ішкі мағынасын байытқан, шеберлік талантын ашқан өмір шындығы. Жамбылдың мұндай биік нысанаға сүйеніп шығарған лиро-эпикалық поэмалары және басқа да көлемді өлеңдері көркемдік жағынан аса құнды.

Көркем эпитет, өткір теңеу, ұнамды метафора, кейіптеу, орынды әсірелеу — міне, мұның бәрі де Жамбыл поэтикасының басты элементтері. Бұл элементтер Жамбыл өлеңдерін тек әдемілік жағынан байытып қана қоймайды, сонымен бірге, олар шығарманың идеялық мазмұнын айқындай түседі. Жамбыл халық творчествосында бар «асқар тау», «қызыл тіл», «қыран құс», «айдын шалқар көл», «көк орай шалғын» деген сияқты ертеден келе жатқан дәстүрлі, белгілі эпитеттерді көп қолданды, бірақ, бұларды жалаң қолданып қоймай, жаңа образдар мен жаңа композиция құруға жұмсады. Бұл тұрақты, белгілі эпитеттердің көбі Жамбыл аузынан шыққанда жаңа мағына, жаңа өң алды.

Ал, Жамбыл шығармаларындағы жаңа эпитеттер қазақ поэзиясына кірген жаңа түр, ұғым болып қалды. Мәселен, Жамбылдың: «советтік алтын заң», «азаттық құсы», «шаттық заман», «бақыттың шам-шырағы» деген көркем эпитет теңеулері осыны дәлелдейді.

Жамбыл халық тілін толық меңгере отырып, оны басқа түрлі қосындылардан, бұралқы сөздерден таза ұстайды. Ақындарды маржандай кіршіксіз таза халық тілімен сөйлеуге шақырады. Халық тілімен біте қайнасқан ақын сөз қолдануға өте сақ қараған. Әрбір сөзді орнымен қолдануды ақындық шеберліктің үлгісі деп түсінген Жамбылдың ілгерідегі өлеңдерінің тілі өзінің ұстаздары мен сол кездегі басқа да халық ақындарының тілінен өзгеше, көркемдік қа-

снеті жоғары. Жаңа тұрмысты, жаңа құрылысты, социалистік қоғамның жаңа адамдарын жырлау Жамбылдың ақындық стилі мен өлең әдісіне, композициясына игі әсер етті. Соның нәтижесінде Жамбылдың совет дәуіріндегі шығармаларының тілі өзінен бұрынғы ақындардың тілінен әлде қайда өткір, әрі терең мағыналы. Оның советтік құрылысқа, коммунистік партияға арнап шығарған өлеңдері салтанатты, жоғары сезім мен қуанышқа толы толғау сарынында келеді.

Көп өлеңдерде Жамбыл өзін жаңалыққа шақырған шешен, саяси күресші етіп көрсетеді. Мұндай жағдайларда ақын шешендік сөздің барлық тәсілін қолданып өлеңді неғұрлым әдемі, ырғақты етіп өткір, пайымды сөздерді топтай жинап, сөйлемдердің логикалық мағынасын күшейте түседі. Халық аузында күнделікті қолданып жүрген сөздердің өзіне жаңа мән беріп, онан әрі әрлейді.

Жылдар жылжып, жас ұлғайған сайын Жамбыл да шөге бастады. Сол жылдары Жәкеңнің басы-қасында болған С. Мұқановтың жазуына қарағанда, 1944 жылдан бастап Жәкең жиі ауырып, көп жантаятынды шығарды, көзі көруден, құлағы естуден қалды. Кісі сүйемей, төсектен басын көтере алмайтын болды. Ақыры, ол 1945 жылы 22 июньде, жасының жүзге қараған шағында қайтыс болды. Жәкеңнің қазасына байланысты еліміздің түкпір-түкпірінен, атап айтқанда, Москва, Ленинград, Украина, Белоруссия, Латвия, Өзбекстан, Қырғызстан, Грузия, Армения, Татарстан, Карело-фин тағы басқа жерлерден, шет елдерден де қайғылы телеграммалар қаптап кетті. Ұлы ақынның, киелі сөз иесінің қазасына көп қауым көңіл айтты.

1946 жылы Жамбылдың туғанына 100 жыл толуын республикамыз кеңінен атап өтті. Ақын шығармаларының академиялық толық жинағы жарық көрді. Бұдан кейін де оның өлеңдері мен поэмалары қазақ және орыс тілдерінде бірнеше рет жеке кітап болып қайтадан басылып шықты. Осы басылым да Жамбыл өлең-жырларын біраз үзілістен кейін оқырман қауымға толық түрінде тағы бір ұсыну қажеттігінен туған.

Жамбыл ақын ғана емес тамаша жыршы да (айтушы) болған. Оның күйшілік өнері жөнінде де деректер бар. Алайда, Жамбыл айтқан жырлардан бізге жеткендері «Көрұғлы» дастанының үзінділері мен «Манастың» бір тарауы ғана. Сондай-ақ «Өтеген батыр» жырының екінші нұсқасы сақталған. Осы басылымға бұрын-соңды жарияланбаған жыр дастандары мен жаңадан табылған өлеңдері қосылып отыр. Бірақ ондай өлеңдердің бәрі бірдей енген жоқ.

Әдебиетші ғалымдарымыз Жамбыл творчествосын зерттей, талдай отырып, оған көптеген ғылыми еңбектер арнады. Қазір Қазақ ССР Ғылым академиясының М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында Жамбыл және басқа да халық ақындарының творчествосын зерттеу ісімен арнайы шұғылданатын бөлім бар. Бір кез-

дегі Жамбыл тұрған үй қазір ақынның музей — үйіне айналған.

Түрі ұлттық, мазмұны социалистік мәдениетіміздің кең құлаш жайып, қарышты қадаммен өркендей бастаған кезінде ғана Жамбыл талантының көзі ашылып оның ақындық өнері барынша толық танылды. Партиямыз бен үкіметіміздің қамқорлығы мен құрметіне бөленген Жамбыл шын мәнінде өз Отанының намыскері, данышпан ақын болды. Партиямыздың орталық газеті «Правда» оны «Халық поэзиясының алыбы» деп жай атаған жок. Жамбыл есімі Совет Одағындағы барлық туысқан халықтарға кеңінен мәлім. Оның шығармалары орыс тіліне түгелдей аударылған десе болады.

Көптеген шет елдердің алдыңғы қатарлы, прогресшіл қайраткерлері Жамбылды социалистік елдің жалынды жыршысы деп таныды. Оның ақындық қызметіне 75 жыл толу құрметіне жолдаған құттықтау телеграммасында атақты француз жазушысы Ромен Роллан былай деп жазды: «Батыстағы Альпі тауларының жүрегінен қазақ далаларының жүрегіне — қазақ халқы мен осы заманғы адамзаттың жыршысы Жамбылға туыскандық сәлем!»

Ал белгілі дат жазушысы Мартин Андерсен Нексе өзінің Жамбылға деген ықласын былай білдірген: «Сіз өзіңіздің ұзақ жылғы өміріңізде көптеген ұлы, қызықты оқиғалардың куәсі болдыңыз. Сіз бақытты адамсыз, өйткені сіз ауыспалы кезеңдегі мәдени революцияға өзіңіз де қатыстыңыз, оның үстіне, Сіздің жүрегіңіз қартаюды білмейді, ол әрқашан да жас, Сіз қазірдің өзінде пионерсіз! Мен Сізді пионер ретінде құттықтаймын!»

Осы мереке кезінде орыстың ұлы жазушысы Михаил Шолохов өзінің құттықтау телеграммасында:

«Сіздің құрметті талантыңызға бағыныштық білдіріп, Сіздің жырларыңыздан тапқан қуанышым үшін шын жүрегімнен алғыс айтамын. Сізге перзенттік ыстық сәлемімді жолдап, деніңіздің сау, көңіліңіздің шат, күш-қуатыңыз мол болуын тілеймін» — деп Жамбылдың ақындық өнерін жоғары бағалады.

Жамбылдың көптеген өлеңдері СССР халықтары тілдеріне сонымен бірге ағылшын, француз, неміс, испан, чех, поляк, венгер, болгар, монғол тілдеріне де аударылды.

Ақынның көркем туындылары шет ел халықтарына Қазақстанда лениндік ұлт саясатының салтанат кұруын, халық мәдениетінің шарықтап өсуін танытты.

Жамбыл — озат совет әдебиетінің ірі өкілі, советтік дәуірде қайта туған халық жыршысы, Совет Одағы мәдениетінің тарихында, халықтар жүрегінде ол мәңгі осылай болып қала бермек.

Мүсілім БАЗАРБАЕВ,
филология ғылымдарының докторы.